

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 тамыздағы № 308 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 тамызда № 5170 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 227 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 23.08.2022 № 227 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының 8 тармағына сәйкес Шардара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Шардара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 88 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4475 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 30 наурызда "Шартарап-Шарайна" газетінде және 2018 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Шомпиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шардара ауданының әкімі

К. Жолдыбай

Шардара ауданы әкімдігінің
"14" тамыз 2019 жылғы
№ 308 қаулысына қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері

№	Кәсіпорынның, ұйымының, мекеменің атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	63	2
2	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Шардара аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	920	4
3	Мемлекеттік мекеме "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі"	60	2
4	Түркістан облысы білім басқармасының "№ 16 Колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	154	3

5	Түркістан облысы білім басқармасының "Шардара аудандық № 3 мамандандырылған мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі	140	3
6	Шардара аудандық білім бөлімінің "№ 1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	259	4
7	Шардара аудандық білім бөлімінің "Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	102	3
8	Шардара аудандық білім бөлімінің "Шардара" мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	213	3
9	Шардара аудандық білім бөлімінің "М.Горький атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	171	3
10	Шардара аудандық білім бөлімінің "Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	139	3
11	Шардара аудандық білім бөлімінің "Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	184	3
12	Шардара аудандық білім бөлімінің "Қ.Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	178	3
13	Шардара аудандық білім бөлімінің "А.Иманов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	112	3
14	Шардара аудандық білім бөлімінің "Жаушықұм"		3

	мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	232	
15	Шардара аудандық білім бөлімінің "А.Әлімбетов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	147	3
16	Шардара аудандық білім бөлімінің "Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	143	3
17	Шардара аудандық білім бөлімінің "Сырдария жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	174	3
18	Шардара аудандық білім бөлімінің "Қоссейіт жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	116	3
19	Шардара аудандық білім бөлімінің "Т.Айбергенов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	233	3
20	Шардара аудандық білім бөлімінің "С.Ерубаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	3
21	Шардара аудандық білім бөлімінің "Ұзын ата жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	243	3
22	Шардара аудандық білім бөлімінің "С.Каттебеков атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	285	4
23	Шардара аудандық білім бөлімінің "Қазақстан бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	217	3
24	Шардара аудандық білім бөлімінің "Қызылқұм жалпы орта мектебі"		3

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі	134	
25	Шардара аудандық білім бөлімінің "Т.Тәжібаев жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	146	3
26	Шардара аудандық білім бөлімінің "Ақалтын жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	118	3
27	Шардара аудандық білім бөлімінің "Егізқұм жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	84	2
28	Шардара аудандық білім бөлімінің "Достық жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	161	3
29	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 1 Шардара аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік мекемесі	53	2
30	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 2 Шардара аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік мекемесі	52	2
31	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық білім бөлімінің "Шардара аудандық оқушылар үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	70	2
32	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық білім бөлімінің "Шардара балалар саз		2

	мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	73	
33	Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шардара аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	80	2
34	Шардара ауданының Шардара қаласы әкімі аппаратының "№ 8 Балапан" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	95	2
35	Шардара ауданының Шардара қаласы әкімі аппаратының "Балбөбек" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	91	2
36	Шардара ауданының Қ.Тұрысбеков ауылдық округі әкімі аппаратының "Кәусар" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	52	2
37	Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 4 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2
38	Шардара аудандық білім бөлімінің "№ 12 жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	126	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК